

ӘОЖ 67.03

**ӘЛЕМДІК ШИКІ МҰНАЙ МЕН ТАБИҒИ ГАЗҒА НАРЫҒЫНДАҒЫ ҚЫТАЙДЫҢ
ОРНЫ МЕН РӨЛІ**

Дарханбай Әлия

aliyadaerhanbai@gmail.com


Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 1-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі - А.Хойч

Қазіргі уақытта Қытай әлемдегі ең ірі өнеркәсіптік мемлекет және әлемдік екінші алпауыт экономика болып табылады. Ірі экономика ретінде шикі мұнай мен табиғи газға өте үлкен тұтынушылық және өндірістік қажеттілікке ие. Осының өзі Қытай экономикасын энергиямен қамтамасыз етуде тәуелділік тудырып, импорттың үлкен көлеміне сенуге алып келіп отыр. Қытайдың шикі мұнай мен табиғи газға салған шетелдік инвестицияларының шамамен 30 жылдық тарихы бар. Алғашқы шағын инвестициялардан бастап бүгінгі күнге

дейін олар әлемдік энергетикалық инвестициялар саласындағы үздіктер қатарына еніп отыр. Және де шетелдік энергетикалық бизнеске инвестицияларды кеңейтуді жалғастыруда. 2020 жылғы жағдай бойынша Қытайдың шикі мұнай және табиғи газ саласындағы шетелдердегі энергетикаға инвестициялар саласындағы ынтымақтастық жөніндегі бизнесі 40-тан астам ел мен өңірді қамтиды. Қазіргі уақытта Қытайдағы мұнай және табиғи газдың ішкі жағдайы: Қытай Азия құрлығының шығыс бөлігінде орналасқан және салыстырмалы түрде бай энергия қорына ие. Қытайдың ұлттық статистика бюросы жариялаған мәліметтерге сәйкес: 2021 жылы Қытай 198,98 миллион тонна шикі мұнай өндірген, 2020 жылмен салыстырғанда 2,4% көп; 2021 жылы 205,3 миллиард текше метр табиғи газ өндірсе, бұл өткен жылмен салыстырғанда 8,2% артқан. Қытайдың Табиғи ресурстар Министрлігі жариялаған "Мұнай және табиғи газ ресурстарын барлау және пайдалану туралы Ұлттық хабарламасына (2020)" сәйкес, 2020 жылғы жағдай бойынша мұнай мен табиғи газдың дәлелденген геологиялық қорларының жиынтығы тиісінше 42,200 миллиард тонна және 16,88 триллион текше метр бар деп отыр. Қазіргі уақытта Қытайдағы мұнай мен газдың ішкі өндірісі негізінен төрт ірі мұнай кен орындарынан шығады, олар “Чанцин мұнай кен” орны, “Тарим мұнай кен” орны, “Бохай мұнай кен” орны және “Дацин мұнай кен” орны.


2021 жылдың қортындысы бойынша “Чанцин мұнай кен” 62,44 миллион тонна мұнай мен газ өндірді. “Тарим мұнай кен” 6,38 миллион тонна мұнай және 31,93 миллиард текше метр табиғи газды өндірді. Бохай мұнай кен Қытайдың ішкі Бохай теңізінде орналасады және жылында 30,132 миллион тонна мұнай және газ өндіреді. Қазіргі уақытта мұнайдың дәлелденген геологиялық қоры 4,4 миллиард тоннадан асады, ал табиғи газдың геологиялық қоры шамамен 500 миллиард текше метрді құрайды. “Дацин мұнай кен” жиынтық 43,22 миллион тонна мұнай мен газ өндірген, оның 5,02 миллиард текше метрі табиғи газ және 30 миллион тоннасы ішкі шикі мұнай өндірісі.



Сурет 1. Әлемдегі ең ірі мұнай өндірушілердің ондығы (1-күндік өндіріс /миллион баррель)

Дереккөз: <https://www.globalfirepower.com/oil-production-by-country.php> [1]

“Globalfirepower” статистикалық есебіне сәйкес, 1-суретте көрсеткендей Қытай 2021 жылы әлемдегі жетінші ірі мұнай өндіруші болды. Ірі индустриалды ел ретінде Қытай энергияны тұтынуға да, өндіруге де үлкен сұраныс ие екенін байқауға болады. Ал, 2-суретте Қытайдадың бір күндік шикі мұнай импорт көлемінің 2009-2020 жылдар аралығында қарқынды өскенін бірден байқауға болады.




Сурет 2. Қытайдың шикі мұнай импорты (1-күндік көрсеткіш)

Дереккөз: <https://www.ceicdata.com/zh-hans/indicator/china/crude-oil-imports> [2]

Жоғары келтірілген мәліметтерден шикі мұнай импорттық Қытайға күн сайын маңызды сұраныс екенін білуге болады. Статистикаға сәйкес, 1981 жылы Қытайға күніне 1,04 мың баррель шикі мұнай импорттау қажет болды, ал 2-суретте көрсетілгендей 2020 жылы күніне 10 852,615 баррельге яғни 10 000 есе өсті. 2000 жылдан бастап Қытайдың шикі мұнайға сыртқы тәуелділігі айтарлықтай өсті және бүгінгі күні әлемдегі ең ірі шикі мұнай импорттаушысы және екінші ірі мұнай тұтынушысы болып табылады. Қытайдың мұнай экономикасы және технологиялар академиясының мәліметтері бойынша, 2020 жылы мұнай импортына тәуелділік деңгейі 73%-ды құрады ал, бұл сыртқы тәуелділікке арналған қауіпсіздік деңгейі мамандардың ұсынысы бойынша 50%-дан аспауы керек екенін ескертсек, аса жоғары. Осыған қарамастан мұнайға деген сұраныс күн артып өсуде.

Ал, Қытайға табиғи газ импорты бойынша деректерге келетін болсақ 3-суретте 2009 жылдан 2020 жылға дейін Қытайға табиғи газдың 1-күндік импорт көлемі де айтарлықтай артқан.



Сурет 3. 2009 - 2020 жылдар аралығында Қытайдың табиғи газ импорты (1-күндік көрсеткіш)

Дереккөз: <https://www.ceicdata.com/zh-hans/indicator/china/natural-gas-imports> [3]

Әлемдік экономиканың дамуы мен ірі экономикалар жасыл энергетикаға көшу үрдісі таза энергияның тұтынуды талап етеді. Ал табиғи газ энергетикалық ауысуға көшудің алғашқы таңдауы болды. Бүкіл Қытай бойынша өнеркәсіп салалары көмірқышқыл газы шығарындыларының ең жоғары деңгейіне қол жеткізу және "көміртегі бейтараптылығы" (Carbon neutral) мақсатына қол жеткізу талаптарына сәйкес көмірден табиғи газға көшу процесін жеделдетті. Соңғы жылдары, Қытайдың жалпы энергия тұтынуында табиғи газды пайдалану табиғи газдың өндірісі және импорты өсті.

2018 жылы Қытайға сұйытылған табиғи газ импорты 2017 жылмен салыстырғанда 33% - ға артып, жалпы алғанда 90,39 млн тоннаны құрады; 2020 жылы тарихтағы ең жоғары

101,66 млн тоннаға жетті. Деректердің көрсетілу бойынша, Қытай Жапонияны басып озып, қазіргі уақытта әлемдегі ең ірі сұйытылған табиғи газдың импорттаушы және тұтынушысы болды [4].

Қазіргі уақытта Қытайдың табиғи газ импорты негізінен төрт негізгі арнаға бөлінген, атап айтқанда: Біріншісі Орталық Азия газ құбыры: бұл бірінші трансшекаралық газ құбыры. Құбырдың жалпы ұзындығы 1833 КМ, газ тасымалдау жүйесінің жалпы жобалық өткізу қабілеті жылына 60 миллиард текше метрді құрайды; газ негізінен Түркіменстан мен Өзбекстаннан келеді, 2017 жылы Қазақстандық табиғи газ қосылды. Қазіргі уақытта Орталық Азия елдерінен Қытайға жыл сайынғы табиғи газды тасымалдау сол кезеңдегі Қытайдың жалпы тұтынуының 15% - дан астамын құрады.

Екіншісі Қытай-Мьянма - мұнай және газ құбыры: Құбыр арқылы табиғи газды тасымалдау желісінің жалпы ұзындығы 2498 КМ және жыл сайын Қытайға 12 миллиард текше метр табиғи газды тасымалдай алады.

Үшіншісі Қытай-Ресей табиғи газ құбыры, жалпы ұзындығы 5111 шақырым және жыл сайын Қытайға 38 миллиард текше метр таза және жоғары сапалы табиғи газ жібереді.

Төртіншісі Теңіз құбыры: 2017 жылдан бастап сұйытылған табиғи газ импортының көлемі табиғи газ құбырлары импортының көлемінен асып түсті. 2018 жылы сұйытылған табиғи газ импорты табиғи газ импортының жалпы көлемінің 59% - ын құрады. Қытай әлемдік энергетикалық нарығында табиғи газдың жаңа үлкен тұтынушы ретінде. Қазіргі уақытта ол әлемдегі ең ірі табиғи газды импорттаушы болып табылады. 2030 жылы Қытайдың табиғи газға деген қажеттілігінің шамамен 65% - ын импорт есебінен қамтамасыз еткен.

Қорытындылай кеткенде, Қытай әлемдік мұнай және газ өндіру мен тұтыну бойынша әлемдік үздіктер қатарында қала бермекші және да осы бағыттағы даму жұмыстарында үздіксіз шыңдауды көздеуде.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://www.globalfirepower.com/oil-production-by-country.php>
2. <https://www.ceicdata.com/zh-hans/indicator/china/crude-oil-imports>
3. <https://www.ceicdata.com/zh-hans/indicator/china/natural-gas-imports>
4. <https://m.maigoo.com/news/567303.html>